



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТИ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ



Ақын - пайғамбар да, әүлие
де емес

айлық журналы
ежемесячный журнал
№20 (20) 25.10.2016

ҚЫМБАТТЫ ОҚЫРМАН!



Бүгінгі күні өнер айдынында белен алып, атқарылып жатқан мәдени іс-шаралардың қатары күннен күнге көбеймесе, азайған емес. Оның бір көрінісін, өз оку ордамыздан-ақ анғарамыз. Университет қабырғасында үйымдастырылатын әрбір шара – біз үшін маңызды. Бүгінгі күн – ертеңгі тарихқа айналатынын ескеретін «Шабыт» журналының тілшілері әр кез қаламдарын қолдарына алып, қырағы көздерін тасадан тыс қалдырган емес. Мүмкіндігінше әрқайсыныздың енбектерінізді елеп, қағаз бетіне түсіруді дағдыға айналдыруда. Соның бір көрінісін журналымыздың осы санындағы мақалаларынан бағамдай аласыздар. Бізben бөлісер жағымды, жақсы жаңалықтарыңыз көп болғай!

Күрметпен, журналдың бас редакторы
Гүлім КӘПБАЙҚЫЗЫ

Ағалар алқасы:

«Шабыт» журналының негізін қалаған:

Сыгай Ә. Т. - Қазақстанның еңбек сінірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А. Қ. - Қазақстанның халық артисі, профессор

Дүйсекеев К. Д. - Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, профессор

Негербек Б. Р. - Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, профессор

Мұқанова Р. Қ. - Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, профессор

Мұқышева Н. Р. - өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент

Юсупова А. К. - өнертану ғылымдарының кандидаты

Қадыралиева А. О. - өнертану ғылымдарының магистрі, театртанушы

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Гүлім Көпбайқызы

Редактор орынбасары: Назгул Ақшалова

Корректор: Ләzzат Алпысбаева

Тілшілер: Нұржан Салимов

Амина Габдрашитова

Аида Қалқатай

Дизайнер: Әсет Ақмолда

Редакцияның мекен жайы:

Байланыс телефоны: +77756282848, +77476739788

Редакциялық басылым бөлімі

Мекен жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237 а

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru

МАЗМҰНЫ

Н. Әбділ	4	ОЛАР ОТАНЫН САТЛАҒАН!
Г. Әбенова	6	АҢЫЗ АДАМНЫҢ АЛДЫНДА ӘН АҮТУ – МЕН ҮШІН ҮЛКЕН БАҚЫТ!
	8	ҚАЗАҒЫМ, ЖАСА МӘҢГІЛІК!
А. Бимырзаев	9	ІСІМЕН ЕЛДІ ҰЙЫТҚАН
Н. Ақшалова	11	ОЛ – КЛАССИКАЛЫҚ ФИЛЬМДЕРДІ НАСИХАТТАУДАН РАНАТ АЛАДЫ...
К. Елубаев	13	ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗI
А. Әмірбек	15	ТӘҮЕЛСІЗДІК – ТАРИНЫМ!
	16	ЕСІЛ ӨЛЕҢ ТӨГІЛДІ «ЕС – АЙМАҚТА»...
А. Габдрашитова	18	ОЧАРОВАНИЕ ХАНБОКИ
О. Сайлаубай	19	«ЖАҢҒАҚ ТАЛ» ФИЛЬМІ – «ҚЫЗ ҰРЛАУДЫН» ТОЛЫҚМЕТРАЖДЫ НҰСҚАСЫ
Л. Алпысбаева	21	АБАЙ – ДАРА, АБАЙ – ДАНА ҚАЗАҚТА!
Б. Тұрсынаб	22	ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС
А. Қонақбаев	23	ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘРІПТЕСТЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУҒА НУЕТТИМІН
А. Жүкенова	25	АВАНГАРДНАЯ МУЗЫКА В СТОЛИЦЕ
Д. Арманқызы	26	ТІЛ БІРЛІГІ – ЕЛ БІРЛІГІ
А. Құлшебаев	27	«АЛТЫН САҚА»
А. Әнгіненова	29	ЖӘДІГЕР ЖАҢҒЫРЫҒЫ
С. Жандуллаев	30	ART GALLERY

Олар Отанын сатқаған!

— Кешіріңіз! Мен Нұрислам Әбділ 4 курс «театртану» мамандығының студенті. Төмендегі «АЛЖИР» туралы хабарландыруды кім жазды?

— Мен жазғанмын.

— Сол хабарландыруға түзету өнгісем деп келіп тұрмын. Хабарландыруда «АЛЖИР» мұражайына «Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагеріне, саяхатқа шақырамыз» – деп жазулы түр. Біріншіден, олар ОТАНЫН сатқандар емес, ОТАНЫ үшін от кешкен әйелдер. Екіншіден, бұндай тарихи құрбандарды еске алу үшін жасалған мұражайға «саяхатқа шақырамыз» – деген тіркес қолданбайды. Себебі, бұл Бурабай немесе басқа ойын сауық орталығына, болмаса қала аралауға шақырып отырған дүние емес қой. Ашаң бойлы сары келіншек қипақтап: – «Бұл, жазылған адресті интернетten алғанмын» – деп ақталды. Интернеттегі сайттан қарасақ, АЛЖИР туралы мақаланың бірінші сөйлемін алған екен.

Сөйтсек, бұл 1937 жылы осы «АЛЖИР» лагері құрылғанда тақтайшага жазылған мекеме атауы болып шықты.

«Өзіңіз ойласаңызышы, тәуелсіздік алғанымызға 25 жыл Бұнда қамалған әйелдер түгел дерлік ақталған. Яғни, бұл мұражайдың аты да өзгертилген. Егер, ертенге дейін түзетін жазбасаңыздар, мен газет-журналдарға, әлеуметтік желілерге жазамын» – деп, Қазақ ұлттық өнер университетінің тәрбие ісі-жөніндегі белімнің есігін жауып кете бердім.

Келесі күні 14-ші қыркүйекте университеттері аталмыш «АЛЖИР» саяси күғыш-сүргін және тоталитаризм құрбандарының мемориалды-мұражай кешеніне барды. Менде бардым. Себебі, кешегі әрекетімнен бе екен, оқытушым Айзат Қадырәлиеваға: «Сіздің шекіртіңіз кеше келін, бізге ете орынды сын айтып кетті. Біз бүгін басқа хабарландыру ілдік. Сіздерге рахмет. Біздің студенттер қазір жол жүреді. Сіз кешегі баланы бізге қосып берсеңіз, «Шабыт» журналына мақала жазғанына септігі тиер» – деп, мені сұрап алдынты.



2007 жылы тұнғыш президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қатысуымен ашылған ғимараттың авторы Сәкен Нарын екен. Кіреберістегі «Қасірет қақпасы» кімді болсын бас игізіп, сондағы азап шеккен құрбандардың қайраткерлігіне тағзым жасатпай өткізбесі анық. Кеңес одағындағы 15 мемлекеттән, барлығы 62 ұлттың екілдері, дәлірек айтқанда, әйелдері бұнда не бір зобалаң күндерді бастарынан өткерген. Барлығы 8000-ға жуық әйелдер жиырма жылдай осында

ауыр еңбек еткен. Ішіндегі көп әйелдер оқымысты, ақсүйек нәмесе ағартушы ұлт қайраткерлерінің әйелдері, қарындастары, анасы. Солардың қатарында Ахмет Байтұрсыновтың жары – Б.Байтұрсынова, Бейнбет Майлиниң жары – Гүлжамал Майлина, Сәкен Сейфуллинің жары – Гүлбахрам Сейфуллина, Тұрар Рысқұловтың әйелі – Әзиза Рысқұлова, Темірбек Жүргеновтың жары – Дәмеш Жүргеновалар сынды алаш арыстарының жарлары осында зорлық-зомбылық көріп, қасіретке ұшырағандығы туралы дәлелді фактілерді кездестірдік. «АЛЖИР» тұтқындарының арасында ғалым-ойшылдармен қоса, 1000-нан аса артист, 360 пианист, 100-ге тарта суретшілер болған. Олар: Л.Русланова, Р.Плисецкая, Ф.Фабитова, Г.Қожахметова, Н.Воронина т.б. әйелдер қауымы. Бұндағы әйелдер өздері шымнан тұрғызған барахты пана тұтқан. Біз, тек кішірейтілген нұсқасын көрдік. Шын мәнінде бір барахтың ішіне 200-ге тарта әйел жатқызылыпты. Бір қабат сабан төселғен тақтай төсектерді көрсөніз қалай жатып, қалай үйіктаған деп жағаңызды ұстарыңыз сөзсіз. Тұтқын әйелдерге қара жұмыс істетіп қана қоймай, аяусыз тергеп, баласынан айырып, ұрып-соғып, нәше түрлі азаптау әдістерін қолданған. Балалары 3-4 жасқа келгенде балалар үйіне, түзету калонияларына жіберіліп отырған. Балаларын сағынып бір әйел жыласа, түгел әйел қосыла жылап, барахтың ішін құнірентіп жіберетіні жөнінде естігендеге еріксіз көзінізге жас келеді.

Екінші қабатында жоғарыда айтып өткенде «АЛЖИР» лагерінің мұрағаттары мен жәдігерлөрі сақталған. Тұтқын әйелдердің тұтынған заттары және кейінрек (акталғаннан кейін) осы ғимарат ашылғанда арнайы келген кейір әйелдердің тапсырыған өшекей бүйімдары мұражайдың ең күнды жәдігерлеріне айналған. Одан өзге, «Алматыдағы НКВД есігінің тұп нұсқасы» – деп, қойып қойған ескі қоныр есіктен әлі суық жел есіп тұр. Тек есік қана емес, әр затты көріп тітіркеніп, көзіңе іркіліп жас түйіліп, бүгінгі азат өміріне шүкіршілік айтасын.

Жәутендей қарап, әлсін-әлсін құрсінген қыз-жігіттер хабарландырудағыдай ОТАНЫН сатқандар емес, ОТАНЫ үшін отқа түскен әйелдерге арналған мұражай екенін көріп, іштей ой түйіп қайтқандарына кәміл сенімдіміз. Себебі, қасірет қақпасынан имең кірген адам, толғанбай шыға алмасы анық.

Осы сапардан кейін де біздің «театртану» мамандығының ұстаздары мен студенттері арнайы барып қайтқанбыз. Әр барған сайын сыры мен жұмбағын ашатын «АЛЖИР» лагері тағы да бізді тарихқа тағым жасауға үйретіп шығарып салды. Енді келесі сапарымызды Қарағанды өніріндегі «КАРЛАГ» лагерінде барумен жалғастырсақ деген ниеттеміз. Кім білсін, ондағы отанын сүйген оғландарды әлі де болсын опасыз деп танып жүргендегер бар шығар. Біздің мақсат отанымызды сүйген, от кешіп оқ тиіп атылып өлген арыстарымызды мәңғілік ұмытпау, тілі мен ділін білмейтін үнтақша үгітілген үрпаққа ұлықтау. Себебі, біздің айтарымыз мынауғана: «Олар Отанын сатқандар емес!».



Аңыз адамның алғында ән айту – мен үшін үлкен бақыт!

«Вокалдық өнер және дирижерлеу» кафедрасының 4 курс студенті Аманжолова Айгерім Алматы қаласында қыркүйек айының 19-25 күндер аралығында өткен Бибігүл Төлегенова атындағы VIII-ші Халықаралық вокалистер байқауының II орын иегері атанды. Алматы қаласынан келген бойда, жулдегерді құттықтап, сұхбат алу мүмкіндігі туды.



– Айгерім, өнер жолына қалай келдіңіз? Байқау жайлы толығырақ айта кетсөңіз...

– Менің вокал мамандығын меңгеріп жүргеніме он жылдың көлемі болды. Бала кезімде ата-анам әндептің жүргенімді байқаса керек, сол кезден бастап Актөбедегі музикалық мектепке берді. Кейін, вокал мамандығы бойынша

колледж қабырғасында білімімді үштадым. Ал, бүгінгі таңда Астана қаласында Қазақ ұлттық өнер университетінің 4 курс студентімін. Бала кезінен өр түрлі сайystарға, ән байқауларына қатысқаннан тартынбаймын. Соның арқасында, осы күнге дейін біршама байқауларға да қатысыптын. Ал, бұл байқау – әр екі жыл сайын өтетін көлемді іс-шара. Толығырақ айта кетсем, байқау екі кезеңнен тұрды. Іріктеу кезеңінде елу бір қатысушы өз өнерін көрсетті. Осы елу бір қатысушының ішінен тек он төрті ғана келесі кезеңге жолдама алды. Келесі кезеңге жолдама алған қатысушылар арасында Астана қаласының атынан жалғыз болдым. Бізге, яғни қатысушыларға сақсы жағдай жасалды. Іріктеуден өткен әлемнің түкпір-түкирінен жиналған он төрт адамды санаторияға жатқызды. Жол күреңін, күнделікті ішіп-жеудің ақысын өздері көтерді. Бұл байқауға жиырма үш жастаң, отыз екі жас аралығындағы үміткерлердің қатысуына мүмкіндік берілді.

Жас аралығына байланысты қатысушылардың ішінде ең кішісі болдым. Бірінші кезеңнің ережесі: әрбір қатысушы ауқымды төрт шығарма орындау керек. Алғашқы орындаған «Старинная ария» шығармасы, екіншісі: үлкен операдан алынған 7-8 минутты «Ария» орындалды. Үшіншісі: Бақытжан Байқадамовтың «Сүйген сәулем» шығармасы. Сонын қазақтың халық әнімен аяқтадым.

Екінші кезеңде үлкен оркестрмен ән шырқадым. Ол жерде П.И. Чайковскийдің «Черодейка» операсынан алынған «Куманың» ариясы, Б. Төлегенованың сүйікті ариясы F. Жұбанованың «Еңлік-Кебек» операсынан алынған «Еңліктің» ариясы орындалды. Кейін, Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында үлкен гала концерт өтті. Ермек Серкебаев сынды ұлы тұлғалар өнер көрсеткен киелі сахнада ән шырқап, лауреат атандық. Әрине, осындағы айтулы сәт есімнен кетпейді. Қуанышымда шек жок. Бибігүл Төлегеновадай аңыз адамның алдында ән айтуды, мен үшін үлкен бақыт! Әрине, толқыдым. Бірақ, жауапкершілікті сезінің, өнімді биік деңгейде орындауға тырыстым.





– Сахнаға шыгар алдында өзінізді қалай қолға аласыз?

– Мен, тек құран сүрелерін оқимын. Аллаға ғана сенемін.

– Ата-анаңыздың өнөрге қатысы бар ма?

– Эке-шешемнің өнөрге қатысы жоқ. Бірақ, «әу, демейтін қазак жоқ» демекші, ән салып тұратындары бар. Ата-анамның негізгі мамандығы – үстаздық қызметте.

– Сын айтушыларға көзқарасының қалай?

– Қандай сын болмасын, дұрыс қабылдаймын. «Сын айтылмай, мін түзелмейді» емес пе?!
Сабырлық танытып, түзелуге тырысамын.

– Алдағы жоспарыныңбен бөліссеніз?

– Мен қазір, Астана қаласы мемлекеттік академиялық филармониясында – жеке орындаушымын. Желтоқсан айында Астана қаласының опера және балет театрында «солист» ретінде бағымды сынаймын. Жақын арада Уфаға, Башкирияға, Ресей елдеріне байқауға аттанамын. Мен, болашақта осы елордамыздың опера және балет театрында жеке орындаушы боламын деп армандаймын.

– Бос уақытыныңды қалай өткізесіз?

– Негізі, менде бос уақыт деген бола бермейді. Дегенмен, уақыт болып жатса, кітап оқығанды жақсы көремін. Бимен де айналысамын. Әсіресе, заманауи билерді жаныма жақын тұтам.

– Айгерім, өміріңіздегі маңызды әрі қызықты оқығаларыныңбен бөліскеніңізге көп раҳмет.

Бағындырар белесіңіз көп болғай!

Гүлмира ӘБЕНОВА,
«Кинотану» мамандығының I курс студенті

ҚАЗАҒЫМ, ЖАСА МӘҢГІЛІК!

Сөзі мен әні: Қентау Назарбек

Қазағым жаса мәңгілік,
Ерліктің отын жандырыш.
Бабадан қалған байтағым,
Шырқайын сені өн қылып.

Ұлы елмін!
Жалғасы Фұн, Сактардың.
Хан көтерген ұлыны.
Бабамның байтақ мұрасы,
Теренде жатыр тұнығым.
Асан қайғы желдірткес,
Желмаясын, күлгін.
Сыпыра мен Қастуған,
Доспамбеттің жырымын.
Үштасқан ғылым-білімім,
Далаңдай дархан ірімін.
Намысын қолдан бермеген,
Мен қазақтың ұлымын.
Мен Қазақпыш!

Ұлы елмін!
Әз Жәнібектің туымын,
Керейхан мәнің тұғырым.
Еңсілі байрақ көтеріп,
Арнаған елге ғұмырын.
Төбе биім – Төле би,
Әйтке, Қазбек – төре би.
Ұлы Абайдан нәр алған,
Әнді сүйсөң мәнше сүй.
Қазақпыш мен Тұранмын,
Алаш рухты ұранмын.
Отырар деп шайқасқан,
Қайырхандай қыранмын.
Мен Қазақпыш!

Ұлы елмін!
Абылаймын тақтамын,
Жерімді байтақ сақтадым.
Қабанбай мен Бөгөнбай,
Бердіқожа мақтанным.
Есетпенен, Бекенбай,
Наурызбайым, атпалым.
Кеңесарымен кимеген,
Отаршыл салған ноқтани.
Бұхар жырау үнімен,
Қазақтың жоғын жоқтадым.
Махамбеттің марғасқа,
Садаққа шындық оқтадым.
Мен Қазақпыш!

Ұлы елмін!
Сүйінбаймын, сұлеймін,
Киелі өнер дарыған.

Бауыржандай батырмын,
Төрткіл дүние таныған.
Мұқағалимын ақынық,
Сезімнің шоғы қарыған.
Әл Фарабимын ілімнің,
Тарихы бол жазылған.
Мұстафамен жақынмын,
Түркін түтег қолдаған.
Жұмабектей асылмын,
Елімнің шебін қорғаған.
Мен Қазақпыш!

Ұлы елмін!
Нұргиса мен Шемшінің,
Терберен сазды сарыны.
Қайратымның жігерін,
Желтоқсан келіп жаңыды.
Ерліктің туын көтеріп,
Жалыш атқан Бекзатпыш.
Багындырған Farышты,
Токтар, Айдың, Талғатпыш.
Есім, Қасым, Әз Тәүкे,
Өсімет еткен мәнді ғып,
Ұлы далада өркәнделеп,
Қазағым жаса мәңгілік!

23 қараша
Конгресс Холл
сағ 18.30

Астана қаласының әкімдігі

Композитор

**Кентай
НАЗАРБЕКТІН**

“Қазағым, жаса мәңгілік!”

ШЫГАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ

**Кештік күрметті конкерт - Қанат Ислам
Жүргізушілер - Қалқаман Сарин, Эсем Ережекызы**

Алғашқы концерт Мемлекеттің иялдамалық фестивалінен шығып, әлемнің
баяндағы көңіл-көңілде өткізу мүмкін. ҚР мемлекеттік макаралары, профессор Айдана ЖАЙНАУДИ



**Қазіргі таңда қазақтың ән опері «Ақ маржан», «Қызыл орік»
деңгейіне дейін түсін, тіпті төмөнделеп кетті. А.Д. композитор
Кентай інімнің үлшітық әуезге бай, тәрбиелік мәнгілік сай, өміршең
есті әндерінің «хит» болатын уақыты алі алда.**

**Әшірбек Сыгай,
Қазақстан Республикасының әндер қайраткері**

**Кентай Назарбектің шыгармашылығы Ақан сері
мен Біржан сал мектебінің соңғы тұяғындаі корінеді.**

**Кентайдың шыгарған әндерін тыңдалған кезде ұлы
Абай мектебінің заңды жалгасы екенін
байқадым.**

**Мырзатай Жолдасбеков,
Мемлекет және қоғам қайраткері**

Ісімек елде үйшіктан

(Мәңгі ел мұраты)

Сексеннің сенгіріне шыққан казақ руханиятының көрнекті өкілі – Мырзатай Жолдасбеков бүгінде, мынжылдық шаһардың өркендеуіне үлес қосқаны үшін «Алматы қаласының құрметті азаматы» атағына ие болды. Ал 2007 жылы елордамыз Астана қаласының дамуына қосқан үлесі үшін «Астана қаласының құрметті азаматы» атағы берілген болатын. Жамбыл облысының құрметті азаматы екені жалпак жұртқа мәлім, әрине. Ол – қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым, ұлттық академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Халықтар достығы», «Құрмет» ордендерінің иегері, Қазақ ұлттық өнер университетінің жаңындағы Қорқыт атындағы «Фылыми-зерттеу институтының» директоры. Ағанын жазушылығы мен композиторлығы тағы бар. Жакында ағанын замандасы композитор И.Жақановтың «Дүние шіркін» атты кітабының тұсауы кесілді. Өз тарапымыздан біз де қатысып, атсалыстық. Расында, дүниенің шіркінін-ай десенші, ағамыздың композиторлық қыры да сыры да И.Жақановтың қаламынан туған еңбекте керемет көрініс тапты. Сонымен қатар, М.Жолдасбеков – драматург. Профессор әдебиеттің көркем де нәзік жанры – драматургияға да бет бұрып тұрады. Астанада қойылған «Ұлбике» пьесасының қалың жұрттың таңдайын қақтырғаны өлі есімде. Ағаның құнды және мәңгі ел жадында қалатын тағы бір еңбегін ауыз толтырып айттар болсақ, ол – Қазақ ұлттық өнер университетінің Қорқыт атындағы Фылыми-зерттеу институтының үйымдастыруымен жарық көрген жиырма бес томдық «Қазақ өнерінің антологиясы» жобасы жайында. Жоба институтының басшысы, М.Жолдасбековтың жетекшілігімен жұмыс атқарылып, өз деңгейінде жоспарлы түрде жүзеге асуда. Сонымен қатар, қазақ мәдениетінің тарихы, өнері мен дәстүрі егжей-тегжей зерттеліп, ғылыми айналымның аясында көрініс табуда.



Алғашқы «Ақындар айтысы» деген жеті томдық жинағы бүгінде өз оқырмандарына жол тартты. Жинаққа айтыс өнерінің ең үздік үлгілері жинастырылып енгізілді. Әрі қарай қара қылды қақ жаратын ділмәр шешендеріміздің шешендік сөздерімен 25 томдық «Қазақ өнерінің антологиясы» жобасының «шешендік сөздер» жанры бойынша бес томдық жинақ болып жалғасын табуда. Бүгінде оқырман қауым, шешендік сөздерге арналған бес томдық жинақпен танысқалы отыр.

Топтастырып, құрастырылып хронологиялық тәртіппен қалың көшпілікке ұсынып отырған жинақта аталған би-шешендеріміздің барлығы да сөз бастаған шешендігімен, ел бастаған көсемдігімен, қыннан қыстыра ұтымды тапқырлығымен ел арасындағы жер, су, құм, жайлай, қыстау, еңбек жөніндегі талас-тартыстарға араласып, әділ төрелік айтқан өзіндік орны бар, қайталанбас тарихи тұлғалар.

Қазақ тарихындағы, қазақ өдебиетіндегі би-шешендеріміздің шешендік сөздері қазақтар арасында ғана емес, қырғыз, өзбектерге де белгілі. Қытай, Монголия елдерінде қоныс тепкен қазақтар да шешендік сөздерімізді жаттап, жазып, оқып сусындалап жүр.

Бұл жерде оқырман назарына кешегі күніміздің келбетін көз алдымызға әкелетін құнды шығармалар ұсынылмақ.

Жалпы, жобаның басты мақсаты – еліміздің тарих қойнауына кеткен кезеңдеріне, қоғамдық өміріне қайта үнілу, сол арқылы жас ұрпакқа бүгінгі жарқын тәуелсіздіктің қадірін сезіндіру, маңызын ұғындыру. Сонымен бірге, қазіргі ақпараттық заманда құнды шығармаларды оқырманымен қайта қауыштыру.

Мәселен, шешендік сөздердің барлығы дерлік тәрбиелік мәні өте зор десек, қателеспейміз. Би, шешендеріміздің беделі және де ділмәр сөздері біз үшін қашан да биік, асқақ. Бүгінгі таңда әрбір саналы, білімді қазак азаматы халқымыздың жүріп өткен сара жолынан шешендеріміздің тұлғаларын танып қана коймай, олардың сөз саптауларын терең тусяніп, өздері де ойлы, әдемі, шешен сөйлеулері қажет.

Ендігі кезекте институт, әрине, М.Жолдасбековтың жетекшілігімен жыраулық өнөрге, жырши-термешілерге, халық ақындарының шығармаларына, әнші, композиторларға, дәстүрлі әншілер мен қүйшілердің шығармашылығына арнап том-том еңбектерді шығару жұмыстарымен тыңғылықты айналысып, жобаны әрі қарай жалғастыруда.

Дәстүрлі өнөріміздің бастауы болып табылатын ақындық пән шешендік өнөрдің жемісі іспеттес жыршылық өнөр, қазак ұлты қоныстанған аймақтарда сол кезде дүрілдеп тұрғанымен, бүгінгі таңда дірілдеп тұр. Сыр онірінен басқа жерлерде жырдың халі мүшкіл Кейбір аймақтарда жоғалған нәмесе жоғалу, жойылу алдында. Енді солардың барына қанағат қылып, қайта жандандыруды қолға алу – уақыт талабы. Аяқ жеткен жерге барып, сөз жеткен жерден алып, көз жеткендерді көріп, әншімізге тигенін алып-беріп, ел игілігіне жарату басты міндет деп білеміз.



Айкерім БИМЫРЗАЕВА,

10 «Қорқыт атындағы ФЗИ» РММ ғылыми қызметкери

Ол - классикалық фильмдерді насыхаттаудан рахат аласы...

XXIғасыр – акпараттық технологияның өркендеғен кезеңі. Теледидар мән компьютер бүкіл әлемнің, адамзаттың қунделікті өмірінің бір бөлігіне айналды. Еңбектеген сәбиден еңкейген картқа дейін ғаламтордан өз қажетін тауып, тамашалай алатын мүмкіндігі мол заман. Соның ішінде «3D теледидары» кен таралып, тұрмыстық дүниенің біріне айналып бара жатыр. Арнайы көзілдірік арқылы үйден шықпай-ақ кинотеатрдың өзінде отыргандай сезіне аласыз. Енді міне, «4D»-дан «7D»-ға дейінгі форматты экран бар. Соңғы шыққан «7D форматты» экран арнайы көзілдірікпен орындығында отырып, фильмнің ішінде саяхаттап, жаңбырдың астында қалып нәмесе аяғыныздан жылан тістегендей күй кешесіз. Ал, осының бәрі бола тұра, кино кондырығысын сақтап, бүгінгі күнге дейін елді мекендерге мұрағатта жатқан қазақ фильмдерін насыхаттап жүрген адам бар десе сөнсетсіз бе? Элде, сенбейсіз бе? Ендеше, сіздерге айтайын... Ол кісінің кино өнөріне деген махаббаты уақытша ғана қызығушылық болып қалмай, өмір бойына сүйікті ісіне айналған. Ол Солтүстік Қазақстан облысы, Ш.Уәлиханов ауданы, Ақбұлак ауылының тумасы – Жәнібек Қапезов. Бүгін Жәнібек ағаның өзінен сұхбат алу сәті туды.

– Қайырлы күң, Жәнібек аға. Киномеханик мамандығымен қай кезден бастап айналысып келесіз?

– Мен арнайы киномеханиктер дайындастын училищені Қарағанды қаласында 1973 жылы аяқтадым. Сол уақыттан бері қондырығымен Солтүстік өнірдегі ауыл-аймақты, аудан орталықтарының бала бақшалары мен мектептеріне, карттар үйі мен жетімдер үйіне жиі-жій барып тұрамын.

– Ескі қондырғы арқылы көрсетілетін фильмді кінкентай бұлдіршіндер мен қариялар қалай қабылдайды екен?

– Әрине, өсіп келе жатқан буынға бұл өте қызық дүние болып көрінеді. Таңғажайып әлемге тап болғандай мультфильмге ғана емес, экраннан көрсетіліп жатқан әрбір іс-қимылға, дыбысына зейін қойып бақылайды. Ал, карттар үйіндегі көрермендер бұл құрылғыны біледі.

Өйткені, балалық шақтарында талай фильмді осы қондырығымен көрген. Мені көргенде кішкентай баладай қуанып, залға жайғасып алады. Олардың ішінде бұл киноқондырғы «ескі үйге кіріп балалық шағынды еске алағандай, керемет әсерге толтырады» – деп жататындары бар. Кетерімде келесі жолы, «осы фильмді көрейік» – деп, ұсыныс жасап жататындары да жоқ емес.

– Ол фильмдерді қай жерден аласыз?

– Карттар тапсырған фильмді табу ізденісті талап етеді. Петропавл Арқалық және Қостанай қалаларында орналасқан КГУ «Центр по сохранению и использованию кино-видеофонда» деген мұрағаттарды арапап, белгілі бір уақытқа дейін келісіп алып, жұмысымды жалғастырамын. Көбінене, қазақ ауылдарында орналасқан мекемелер фильмнің қазақ тілді болғанын қалайды. Бірак, өкінішке қарай, қазақ тілді нұсқасы бола бермейді. Коржыныма «Қазақфильм» киностудиясында түсірілген фильмдермен қатар, кенес үкіметі кезеңінде түсірілген ресей, өзбек, тәжік фильмдерін жинаимын. Нағыз классиктердің:



Ш.Аймановтың «Алдар Қесе», «Тақиялы періште», М.Калатозовтың «Летят журавли», басты рөлде С.Бондарчуктің өзі ойнайтын «Судьба человека», Ш.Аббасовтың «Ты не сирота», Б.Кимягаровтың «Хасан Арбакеш» фильмдерін көрді. Мені шалғайдағы жетімдер үйінің менгерушілері, директорлары әбден танып алған. Балаларға аз да болса қуаныш сыйлауға тырысып, Ш.Бейсембаевтың «Арман – атаман», А.Қарсақбаевтың «Алты жасар Алпамыс», «Менін атым Қожа» секілді фильмдерін ұсынамын. Міне, осылай адамға қуаныш сыйлау мамандығымның арқасында іске асып жатады.

– **Мамандығыңыз негізгі табыс көзі ме?**

– Жас кезімдегі мақсатым, табыс көру болатын. Көрерменің көп болғаны жақсы. Қазіргі уақытта зейнетке шықтым. Енді кәсібімді хобби ретінде көремін. Тауып жатсам, табысымды жетімдер үйінде немесе қарттар үйінде беремін. Жақындаға психология мамандары және медбикелермен бірігіп, жастарға нашақорлыққа қарсы үгіт жүргізіп, түзу жолдан таймайтындей бағыт-бағдар беру мақсатында Р.Нұғмановтың «Инә» фильмін көрсеттік.

– Сіз жайлы Т.Жүргенов атындағы академиясының М.В.Соловьев ашеберханасында тәлім алған А.Сәтбекова, Ф.Әсерханов секілді дарынды студенттер қысқаметражды деректі фильм түсірген екен. Сол жөнінде толығырақ айтып берсеңіз.

– Ия, ол фильм 2013 жылы түсірілді. Көрші ауылда Алматы қаласында режиссерлікте оқып жүрген бір қызы бар екен. Мен жайлы естігені бар шығар, ауылға келін «Сіз жайлы деректі фильм түсіргім келеді. Бұл деген таңқаларлық жаңалық қой. Фильмді түсіретін топпен келеміз» деп кетті.



Сөйтіп, «Последний киномеханик» атты қысқаметражды деректі фильм түсірілді. Кейін ол фильм, III Халықаралық «Бастау-2013» кинофестивалінде конкурстық бағдарламада көрсетілген. Кинофестивальдің студенттік фильмдер конкурсының қазылар алқасы А.Сәтбекованы «Ерекше талғам» номинациясы бойынша марарапаттаған. Осы фильмді дипломдық жұмысы ретінде ұсынып, жоғары баға алған. Маған фильм қатты ұнады, жетістікке жетіп, енбегі елеңіп жатқанын естіп қуанып қалды. Ауылға келгенде осындай қуанышты жаңалықтарын айтқан болатын.

– **Уақытты кейінге шеғерсе, осы мамандықты қайта таңдар ма едіңіз?**

– «Армансыз адам қанатсыз құспен тен» деген мақал бар. Кино түсіріп, қазақ киносының коржынын толтырып, насиҳаттаудан рахат табар едім. Ескі қойын дәптерімнің әр бетінен көрерменнің жылы пікірлөрі мен ұсыныстарын оқып, бір жылулық сезініп қаламын. Ш.Айманов, Ш.Бейсембаев, С.Қожықовтай азаматтар шықса деймін. Мен бүгінгі жас үрпақтан көп үміт күтемін.

– **Жөнібек аға, орталықта арнайы келіп, сұхбаттасқаныңыз үшін мың алғыс! Ғұмыр жасыңыз ұзақ болсын. Жүз жасаңыз.**

Бүкіл өмірін кино өнерінің небір классикалық туындыларымен таныстырып, көрерменің қуанышпен жүрген, халықтың алғысын арқалап келе жатқан, өрбір күнін киномеханиктің тынымсыз енбегінде арнаған Жөнібек ағаның армандары ертелі-кеш орындалатынына сеніміміз мол

Назгул АҚШАЛОВА,
«Кинотану» мамандығының 3 курс студенті



Жана оку жылы өнөр ордамыз үшін женісті күндермен басталды. Қыркүйек айынын 23-25 күндері аралығында Өскемен қаласында «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, кино және театр актері, режиссер Рұстем Есдөuletov атындағы I респубикалық жастар және студенттер театры фестивалі болып өтті. Аталмыш өнөр мерекесінде Қазак үлттық өнөр университетімізден «Музыкалық драма» бөлімінін III курс студенттері И. Сапарбайдың «Сыған серенадасы» пьесасы бойынша қойылған спектакльмен қатысып, бас жүлдені жеңіп алды. Курс жетекшісі КР енбек сінірген қайраткері Сайлау Қамиевті және оның шеберханасында оқып жүрген болашак артистерді өнөр аламанындағы алғашқы жүлделерімен шын жүркөтен күттүктаймыз!

«Шабыт» журналының редакциясы

Куанышты жаңалықты естіген біз, қойылымда басты рөл Шәмшиңі сомдаған Ерхан Мәуленмен сұхбат құрған едік...

- Сәлеметсіз бе? Шығысқа барып, фестивальдің шынын бағындырып келдіңіздер. Құттықтаймыз. Жалпы, фестиваль туралы сез қозғасақ...

- Фестивальді Шығыс Қазақстан облыстық драма театры үйімдастыруды. Сол жақтан бізге ұсыныс түсіп, аз ғана уақыт ішінде біз қойылымымызды видеога түсіріп жіберген болатынбыз. Кейін іріктеуден өткенімізді хабарлап, фестивальге шакырту алдық. Осынау өнөр мерекесінде ұжым болып алғаш рет үлкен сахнаға шықтық. Бұл біз үшін үлкен мәртебе. Бізден басқа Қекшетау қаласы Ақан сері атындағы мәдениет колледжінің «Жас толқын» жастар студиясы Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейнө», Семей қаласы М.Төлебаев атындағы музика училищесінің «Дәуір» студенттік театры М.Шахановтың «Танагөз», Алматы қаласы «А.И. музикалық театр орталығы» М.Әузөзовтің «Қарағөз», Қарағанды қаласы Тәттімбет өнөр колледжінің «Q» студенттер театры Иран-Файыптың «Қорқыттың көрі» спектакльдерімен бакыттыңында. Белгілі театр сыншылары Бақыт Нұрпейіс, Амангелді Мұқан және актер Бекен Имаханов біздерге қазылық етті.

- Таңдауларыңыз неліктен И.Сапарбайдың «Сыған серенадасына» түсті?

- Бұл шығарманы біз II курсымызда 15 минуттық қойылымнан үзінді ретінде ғана алған болатынбыз. Кейіннен бұл туындыны толығымен қоямыз деген шешімге келдік. Шәмши – тарих. Ен басты көрсеткіміз келгені – казіргі үрпақ та Шәмшиңі ұмытқан жоқ. Ешқашан да жадынан шығармак емес. Шәмшиңі өзі көзден кеткенмен, әні мәңгі халықтың жүргегінде шырқалып тұра бермек. Яғни, Шәмши әндерінің желісі үзілмей, үрпақтан үрпаққа жалғасуы тиіс деген ізгі оймен шығарған дүниеміз. Біздің ұстазымыз Сайлау Фалымжанұлы шығармашылық адамның ғұмыры ғана емес, әннін туу процессин көрсетуге тырысты.

- Қазақ вальсі королінің бейнесін шығаруда қандай ізденістерге бардыңыз?

- Өте орынды сұрап. Мен басында қатты жүрексіндім, алып шыға аламын ба деген күмәнді ойлар басым болды. Шәмши атамызды шығаруда көп іздендім. Қебінене, естеліктер қарастырдым. Менің қолыма ол кісінің бір видөсі мен халықтардан естіген естеліктері ғана болды. Жалпы, Шәмши

атамыз туралы жазылған еңбек болмауына байланысты көп қыншылықтар болды. Дегенмен де, қанша іздендім десем де, Шәмші атамызды толығымен зерттей алдым, шығардым дей алмаймын. Болашакта, бұйырса, бұдан да жақсы бейнә жасауға барымды саламын.

- Қазылар алқасынан қандай пікір естідіндер?

- Кез келген фестивальде талдау болып, сын айтылатыны анық. Сын түзелмей, мін түзелмес деген сөз де бар. Сындар айтылмады демеймін, айтылды. Бірақ, Бақыт Кәкиқызы: «Мен сіздерге қарап тұрып, құдды бір театрдың трупасын көргендей болым. Болашакта бір өнер ордасын ашатын курс боларсыңдар деген сенімдемін» деп, өзінің ақжарма тілегін жеткізді. Театр сыншыларынан осындағы сөздерді естіген біздер қатты қуанып, шабыттанып қайттық.

- Театр демекші, театр ашу ойларыңызда бар ма? Жалпы, болашаққа қандай жоспарлар бар?

- Эрине, келешекке жоспарларымыз көп. Фестивальдерге катысып, жүлделі орындарды иелеңеміз деген сенімдеміз. Театр ашу мөселеңің келсек, ол - біздің тобымыздың арманы. Алдағыны Аллағана біледі ғой, алайда баршамыздың көкейіміздегі арман сол.



Қымбат ЕЛУБАЕВА,

«Театртану» мамандығының Зкурс студенті

Тәүелсіздік-тарихым!

Талай сыр бар қазақтың өткенінен,
Сүм заманың өтті ғой өткелінен,
Қастерлеп,ардақ тұтқан тәуелсіздік
Мәлім бізге тарихтың беттерінен.

Қыршын кеткен жолында баласы мың,
Тәуелсіздік-тереңі санасының,
Жетті бізге терімен маңдайының,
Қанымен «қазақ» деғен баласының.

Даламда сан тарих сыры жатыр,
Қайталанбас ерліктің жыры жатыр,
Бостандықтың жолында жанын қиған
Махамбет,Кенесары,Сырым батыр!

Тәуелсіздік оңай бізге жеткен жоқ,
Талай боздақ еңреніп кеткен көп.
Ұрпағына қалды өшпес мұрадай,
Сөрелерде сансыз парақ беттер бол.

Еркіндіктің сәулесі тәгілгендей,
Алланың назары бір бөлінгендей,
Азаттыққа жетудің бір қадамы
Бір емес,мыңға ұласып көрінгендей...

Желтоқсанның салқын сұық ызғарынан,
Тайсалмай жан төзбейтін мұздарынан
Мыңмен жалғыз алысқан, айналайын,
Қайрат ұл мен Ләззаттайын қыздарынан!

Наразылық қан мен тер тәгілісі,
Ездіктің бір жолата женілісі.
Ел билетін «Желтоқсан оқиғасы»,
Бұл да бір тәуелсіздік көрінісі.

Егемендік жолында жар салды мың,
Елім бар ,ұлттың асқақ тамсандым мың,
Көкейінде халықтың жүрген мұң бол
Туды міне армандаған,аңсаған күн!

Жұртыйның оянар кез санасының,
Жеңісін көрді ел жанталасының,
Желтоқсаным айтуды тоқсан бірдің
НҰРСҰЛТАН- айбары ғой Алашымның!

Тәуелсіздік арманым тек келмеген,
Болмай гаріп,жалғасқан өткендерден.
Жетті бізге батырлар ерлігімен
Өмірін қыршын қызып кеткендермен.

Тәуелсіздік бақыттым, ел тілегі,
Тәуелсіз ел еш мұңсыз желпінеді.
Тәуелсіз ел жүрегім еркін соққан,
Тәуелсіз ел шаттығым,көркім еді.

Ту ұстаған Алаштың баласындаі,
Қазақтың сайын қырат даласындаі,
Тәуелсіздік-тарихым, тұр мінекі,
Баға жетпес жеті дүние дарасындаі!

Шешілді женіс елім есебіне,
Тосқау қойды тағдырдың кеселіне,
Құтты болсын тәуелсіздік баршаға,
Келіпті жиырманың бесеуіне!

Ұрпағымыз өтсін өшпес өн қылып,
Берекеміз тұрсын елде мәңғілік
Жасай берсін ұлы халық қазағым
Тәуелсіздік-ғасырларға жаңғырып!!!

Есіл олең төгіндегі «Ес-аймақта»...

Оқу жылымыздың басында тәрбие, біліммен бірге мәдени іс-шарамызды да қоса атқаруға құлшына кірісп қеттік. Белгілі театр сыншысы, ұлағатты үстазымыз Әшірбек Сығай ашып кеткен «Ес-аймақ» мәдени-танымдық бірлестігі әдеттегідей өз жұмысына кірісті. Бұл жолы «Ес-аймақ» төрінде қонған құрметті қонағымыз – «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, ақын Қалқаман Сарин. Кездесу әсерлі өтті. Жан-жақтан қойылған сұрактарға жас ақын мәнге ие, мазмұнға толы өлең-жырларымен жауап беріп отырды. Мағыналы өлең жолдарына қаламы жүйрік Қалқаман Саринмен өткен кездесу, шәкірттер үшін бір тамаша кештің болғаны анық.



Өкіндірін өтеді өмір жалған

Өкіндірін өтеді өмір жалған,
Жалған, жалған, жалғаннан көңіл қалған.
Жетемін деп жүргендеге желдей есіп,
Калады екен қол бұлғап соңында арман.

Арман, арман, аңсатқан қайран арман,
Жерде болған... адасып Айға қонған.
Жаңылдырмай жолынан қоймас, сірә,
Кү дүние көзінді байлад алған.

Жалын атқан жастық шақ, қуаныш-бақ,
Кетеді екен келмеске тым алыстап.
Ашық күнде адасып кету оңай,
Алсаң дағы қолыңа шырақ ұстап.

Калмау үшін өмірін ұқсанап күзге,
Қанағат қыл... қалғыма, үшпақты ізде.
Тұрлауы жоқ баянсыз бес күндіктін,
Тұра алмаспсыз тұтқасын ұстап біз де.

Іңірдегі үнсіздік

Керуенінде ілесін Өмір-көштің,
Өтті бір күн. Қалмады көңілде еіпкім.
Үнсіздікпен үйлесіп іңірдегі,
Сырласына айналам қоңыр кештің.

Қызыл іңір. Барады Күн қанталап.
Қыр астынан келеді Ай түнді арқалап.
Жалғыздықтан, жаным-ау, мені тағы,
Қалар дейсін құтқарып кім қалқалап?

Жалғыздықтың сүйгені сол – тыныштық,
Тыныштықта жоқ, жаным, қорқыныш
түк.
Мұнарадай мұн шақсам түнгі аспанға,
Жұлдыз еріп кетер ме? –
Дертім ыстық...

Айлы түнге асыққан ақын көші,
Иә, жалғыздық – жанымның жақын досы,
Сен де мені сүйер ең, көрсөң егер,
Өлең жазып отырған сәтімді осы.



Арқаматтагы біздің чүй

Ауыл Тұнды жамылып ап,
Түгел тылсым көшке еретін.
... Біздің үйдің шамы бірақ,
Бәрінен де кеш сөнетін.

Ай көnlіге нұрын сеүіп,
Қиял құштық үйге сыймай.
Кеш батса да жұруши едік,
Кешіп бастан күйді осындаи.

Тұла бойдан текті аңқытып,
— Болармысың мұниша қырсық,
Әкеңе айтам! — деп қорқытып,
Жүреді Аナン жұмсақ ұрыпп.

Анам — момын, әкем — қатал,
Бір бірінә жақын, серік.
Кілем ұлдар қатар-қатар,
Кілем үсті жатушы едік.

Шілде күні. Өрт айнала,
Терезеден түскен арай.
Ойын қуған өңкей бала,
Оянушы ек түске қарай.

Жалаң аяқ жаз өтеді,
(Есейдік-ау біздер ептең.)
Жаңа киім қажет еді,
Не киеміз? Құзде — мектеп.

Ақ кейлекті (ағамдікі),
Кетседағы сарғыш тартып,
Киім қылыш маған бүтін,
Беруші еді сөл қысқартып.

Таңсөріден, тым тымырсық,
Мектеп бардық таласа ерте.
Қалтамызыда — құрт, ірімшік,
Арқамызыда — ала сөмке.

Ауылдағы үй! Бақ, ырысым,
Бақытым да өзінде еді.
Саған деген сағынышым,
Содан бері көз ілмеди.

Бар байлығым сенде менің,
Өтсе дағы уақыт сырғып.
Жаратқанға тәүбе дедім,
Жаратпаған бақытсыз қып.



Очарование ханбока

12 октября в Национальном музее Республики Казахстан совместно с Корейским культурным центром Посольства Республики Корея прошло открытие выставки корейской традиционной одежды «Очарование ханбока».

В экспозиции представлены 96 экспонатов, демонстрирующих различные виды традиционного корейского одеяния «ханбок», начиная от коронованных особ династии Чосон до современных моделей. Среди экспонатов находятся оригинальные костюмы главных героев корейского сериала «Жумонг», полюбившегося многим казахстанским телезрителям.

Ханбок в переводе означает «корейская одежда», которая представляет собой воплощение философских взглядов, эстетики, красоты и самобытности корейской культуры. До появления в Корее одежды западного типа, около 100 лет тому назад, ханбок являлся повседневной одеждой корейцев. В наши дни ханбок одеваются, как правило, во время народных празднований (Чусок – праздник урожая, Лунный Новый год) и семейных торжеств. Ханбоки королевских особ отличались громоздкостью, но при этом поражали своей красотой, изысканностью и элегантностью. Богатый и сложный орнамент создавался с помощью различных техник: ручной вышивки, воскового окрашивания, а на особо парадные костюмы нашивались декоративные детали из серебра. Костюмы династии Чосон традиционно шились женщинами, и на изготовление одежд со сложным декором уходило по несколько лет.

Корейцы одевались в соответствии с социальным статусом, что делало одежду важным отличительным признаком положения в обществе. Так же для подчеркивания своего статуса представители высшего общества использовали ювелирные украшения. Традиционным украшением для женщин была подвеска из драгоценных камней, стилизованная в форму какого-либо природного элемента и декорированная шелковой ленточкой. Конфуциансское общество признавало скромность и целомудрие как одними из высших добродетелей женщины, что нашло отражение и в культуре одежды. Так, женщины, выходя на улицу, закрывали свое лицо и тело специальной шалью или накидкой. В одежде и аксессуарах использовались декоративные орнаменты разных цветов, символизирующие пожелания долгой и счастливой жизни, богатства и знатности, почтительных и любящих детей.

Выставка «Очарование ханбока» знакомит зрителей с удивительным миром корейской культуры и позволяет ощутить своеобразие вековых традиций Кореи.

Выставка продлится до 26 октября.

Амина ГАБДРАШТОВА,
студентка 4 курса специальности «Искусствоведение»

«Жаңғақ тал» фильмі – «Қыз ұрлаудың» толықметражды нұсқасы

– Ассалау мағалейкүм, Ерлан Маратұлы! Сіздің «Жаңғақ тал» атты

фильміңіз жайлы көпшілік оң көзқараста. Әсірсе, киносыншылдардың талқылауында ұнамды ой-пікірлер айтылып жүр. Осы «Жаңғақ талмен» шет елдерде жүлделі орындарды қанжыгалап келдіңіз. Елімізде болып жатқан кинофестивальдерден де алып жатқан орындарыңыз аз емес. Жақындаға ғана өткен Ұлттық кинематография өнөрі және ғылым академиясының «Тұлпар» ұлттық киножүлдесінде «Жаңғақ тал» екі номинация бойынша («Үздік режиссерлік жұмыс», «Үздік фильм») марапатталды. Құттықтаймыз! Сізге туындызыңдың миллиондаған халықтың ыстық ықыласына бөлөнуі маңызды ма, әлде, киноны жан-жақты талдай білетін, қыры мен сырына қанық, өз ісінің шеберлері – киносыншылдардың бағасы маңызды ма?

– Уағалейкүмассалам! Менін фильмдеріме айтылған екі жақтың да пікірі маңызды. Мысалы, фильмде өзін байқамаған жерінді көрермендер (кино маманы емес) айтуы мүмкін, ал тағы бір жерін мамандар пікір білдіреді. Осылай екі жақтың пікірін сарапал, өзіне қабылдап отырасың. Кейде, тәжірибелі мамандардың ойы асып кетпесе, кем түспейтін киноға қатысы жок көрермендер ой тастан жатады. Эр пікірдің ой салар керекті жерлері болады. Сын болсын, пікір болсын барлығына дұрыс қарап, қабылдаған жөн.

– Сіздің туған жеріңіз Оңтүстік Қазақстан облысы және «Жаңғақ тал» сол өнірлерде түсірілді. Осы фильм арқылы өз туған өлкенізді таныстырыңыз келгендей бол көріндіңіз. Фильмде кішкентай кезінізде болған оқиға немесе көз алдыңызда қалып қойған бейнелер көрініс тапты ма?



– Эрине, бар. Айтады фой «Оңтүстік Қазақстанда тек бақытты адамдар тұрады» – деп. Сол жакта туып өскен бақытты адамның бірі – мен. Фильм Сарыағаш жакта түсірілді. Кішкентай кездегі сәттерден сана-сезімімде сақталған суреттерді кино тілімен айтсак, кадрларды фильмде колданым. Бірақ, косылған дүниелер фильмнің мазмұнын өзгертип жіберетін болғандықтан, өл көріністерді косу аздал киынға сокты. Осы фильм арқылы туған жер туралы қозқарасымды көршілремен, туыстармен бөлістім деп ойлаймын.

– Сол бейнелерді фильмнің қай кадрінен, қай сюжетінен көрсек болады? Атап айтсаңыз...

– Фильмнің тақырыбын «Жаңғақ тал» деп қойған себебім, кішкентай кезімде қарияның ұзын таяқ ұстап ағаштың бұтактарын ұрғылап жататынын жиі көретінмін. Содан мен ол кісінін ң істеп жатқанын түсінбей: «Бұл кісі ң істеп жатыр? Біреуге ренжіп қалған ба?» – деп ойлайтынмын. Сол бір ұзын ағаш ұстап қарияның суретін саламын деп жүретінмін. Бірақ, қолымнан келмеді. Сөйтсем, менің сурет салатын ақ қағазым – экран екен. Осылай ол көріністі кино тілімен бейнеледім. Мұнда, ауыл әкімінің көретін түсі, ошак басында отырған әжелер және ұзын таяқпен ағашты ұрғылайтын кадрлар бар. Бұл менің бала кездегі есімде қалған дүниелер.

Бұл фильмде менің дипломдық жұмысым ретінде түсірген «Қыз ұрлау» деп аталағын қысқаметражды фильмнің сюжеттері де косылған. «Жаңғақ тал» фильмі – «Қыз ұрлаудың» толықметражды нұсқасы деп айтсам болады.

— Д.Әмірбаев фильмге редактор болғандығы мәлім.

«Жаңғақ тал» Д.Әмірбаевтың фильмдеріндегі кейіпкерлердің эмоциясы, қозғалысы және музыканың аздығымен үқастық тапқан.

Фильмге Д.Әмірбаевтың қашалықты септігі тиді?

— Ен алғашқыда бұл фильмнің сценарийі жазылып, еш қозғалмай жатқан болатын.

Енді бұл түсірілмейтін шығар деп жүргенімде, Дәрежан ағанын қолына тұсті. Ол менін «Қазақфильмде» істеп жүрген кезім. Оқып шығуға сұрап алған соң бердім де, қарбалас жұмыстармен өуре болып кетіп қалдым. Ертесі күні кешке Дәрежан аға маған қонырау шалып: «Сценарий маған қатты ұнады. Бұл жақсы жазылған дүние екен. Енді мұны міндетті түрде фильм етіп түсіру керек. Мұндай сценарийлер күнде жазылмайды. Өзім көмектесемін», — деп фильмнің түсірілуіне себепкер болды. Мен ен алғашқы кино түсіру аланына осы Дәрежан ағанын жаңында режиссердің көмекшісі ретінде келдім. Ол кісінің жаңында жүріп, киноға қатысты көптеген дүниелермен таныстым. Аға үнемі: «Бізге тек кино мамандарын оқытатын институт керек» — дейтін. Бұл оның ішкі арманы, мұны болатын. Оны не үшін айтады? Өйткені, қазір киноны ақша табудын, көніл көтерудің құралы ретінде көріп жүр. Осындағы түсініктерді болдырмау үшін, мектептерде 10-шы сыныптан кино жөнінде оқытатын пән енгізу шарт. Осы арқылы жастардың кино туралы ойын дұрыс бағытқа салу керек. Кино – театр емес, әдебиет емес, телевидение де емес. Кино – өнердің тамаша түрі. Ол әдебиет пән театрдағы оқиғаны өзгеше жеткізеді. Онын ешкімге үксамайтын өзіне тән ерекшелігі бар. Ол – кино тілі. Киноны қатып қалған заңдылықта қалдырып қоймауымыз керек. Эркіннің өзіне тән ерекшелігі мен көзқарасы болады. Бізге ұлттық көзқарасымызды табу керек. Біздін киноны көргенде: «Міне, нағыз қазактар» — дейтін дәрежеге жету керек.

— Білуімше, сіз осы кәсіпке тікелей келген жоқсыз. Негізгі бітірген мамандығыңыз – драматург. Фильм түсіруге ең алдыман бас режиссер, дыбыс режиссері секілді киноға қатысты мамандардың көмекшісі болып аяқ бастыңыз. Бұғандегі Қазақ ұлттық өнер университетінде режиссер мамандарын дайындастын тәлімгер болып жұмыс жасаудасыз. Шәкірттерінізден мықты режиссер болып шығу үшін нені талап етесіз?

— Білім алуда ен негізгі үш зат бар. Ол – көру, жазу, оқу. Осында келген соң осы айтылғандармен бес жыл бойы айналысу керек. Осымен көбісі айналыса бермейді. Мен студенттерге қатты талап қоймаймын. Керісінше, ол кісілермен отырып бірге үйренеміз. Бір-бірімізге кітаптарды, фильмдерді ұсынып талқылаймыз, өз ойымызды дамытамыз. Жалпы, өнерде еркіндік болу керек. Кино математика секілді «екіге екіні қоссан төрт болады» дейтіндей нақтылыққа ие емес. Әр режиссер нақтылықты өзі қояды.

— Қазір қазақ киносында ренішті, қайғылы кейіпкерлер көбейіп, оптимист, тапқыр, көнілді кейіпкерлер азайып кеткен секілді. Сіз қазақ киносына қандай кейіпкерді алып келгініз келеді?

— Белгілі бір кейіпкерді алып келу мақсат емес. «Ренішті кейіпкерлер көбейді, көнілді кейіпкер әкелмейсіндер ме?» – деп айтып жатады. Суреткерге олай шек қою дұрыс емес. Бұл жерде пайда болған дүниені өнер деп айта алмаймыз. Ол біреудін айтқан затына жатады. Әр режиссердің өз кейіпкери бар.

— Әңгімеңіз үшін рахмет!



Абай – дана, Абай – дара қазакта!



«Хакім Абай», «Дана Абай», «Дара Абай», «Халықтың Абайы» дейміз. Кішкентайымыздан ақынның өлеңдерін жаттап, қара сөздерін оқып, әндерін тыңдағ өстік. Ал, шын мәнінде «Абайды» жете тани алдық па екен?! Жоқ, оған кеше «Абайтану» әдеби-музыкалық кеште көзім жетті. Шопен залында «Дәстүрлі ән» кафедрасының оқытушысы Тельман Тілегенұлы Нұркеновтің үйімдастырымен еткен кездесудің басты мақсаты – Абайды тереңдірек тану. Кең қонақтары - филологияғылымдарының кандидаты, абайтанушы Омар Жәлелулы және Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткери – Толғанбай Сембаев. Кең барысында Омар Жәлелұлы Абай өлеңдерінің мән-мағынасына терең бойлап, негізгі ойын жете түсіндірді. Бір өлеңді талдаپ, оған өмірден мысалдар келтіру арқылы залда отырган «аз ғана» тыңдаушыларға ой салды. Көп мән бере бермейтін жайтарға тоқталып, ақынның жазған өрбір өлең жолдарындағы астарға үнілуге мүмкіндік берді. Фылым-білімнің маңызын, оны оқып-үйренудегі табандылық, ізденімпаздылықтын, адалдықтын, ниеттін тұзу болуына аса көңіл бөлді. «Ақыл бітпес дәuletке» деп ақынның сөзін мысалға ала отырып, қашамағыламаларымыздың фылым үшін дүниеден бас тартқаны жайлы сөз етті. Өнерде оқып жүрген жастарға хакім Абай айтпақшы: «Пайда ойлама, ар ойла» – деп, атақ пен байлықтың, мансап мен тәуекелшілдік жайлы айтып, адап өмір сұру керектігін, дүниеқоныздықтан ада болу қажеттігін назар аударды. Жалындаған түрған жастық шақта ілімді үйренуге және оны тек пайда үшін ғана емес, жан-тәнінмен сүюге, оның жолында қарекет жасап, талпынып, қолыннан келгенінше күш салу керектігін қайта-қайта ескертті. Біреудің сыртынан сойлеу, жамандау жайлы Құранда: ««Ей мүміндер. ...Сыр тексермендер, біреуді-біреу файбаттамасын. Біреулерін өлгөн туысының етін жеуді жақсы көре ме? Әрине, оны ұнатпайсындар. Расында, Алла тәубаны тым қабыл етуші, ерекше мейірімді» делінгендігін, гайбат айту – туған бауырының етін жеумен бірдей екендігін баса айтып, оның күнәсінін ауырлығын отырган жастарға ұғындырыды. Жар тандаудың, мақтау, мадактау жайлы, жастар тәрбиесі, үлкенді сыйлау секілді тақырыптарды қозғап, оған өмірден, философтың қара сөздерінен, өлеңдерінен мысал келтіре, дәлелді сөз сойледі.

Бұл кеш тек Абайды тану емес, өз-өзінді тану деп есептеймін. Себебі, Абай қозғамаған тақырып жоқ, оның әр өлеңі қазіргі күнде өзекті. Залда отырган әр көрермен бұл кездесуде қекейлерінде жүрген сұраптарға жауап алды деп ойлаймын. Омар Жәлелұлы отырган жастармен еркін әңгімелесіп, кез келген сұраптарға қуана жауап берді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткери Толғанбай Сембаев кеш барысында ақынның көпшілік біле бермейтін ақынның «Қор болды жаным», «Өзгеге көnlім тоярын» және атакты «Көзімнің қарасы» әндерін тамаша орындала, көрмерменді қуантты. Әнді тек айтып кана қоймай, туу тарихына да тоқталды. Кездесу сонында Тельман Нұркенов әнші, Қазақстанның халық әртісі, Қазак ұлттық өнер университетінің оқытушысының 500 әні жинақталған «Сыр сандық кітабын» табыс етті.

Мұндай кездесулер алда да болса екен деп тілек білдіреміз. Мағыналы да мәнді кеш әр отырган көрерменге ой салғаны анық. Дін жайлы, Абай жайлы, өмір жайлы сөз болған бұл рухани кеш болды деп есептеймін. Тек қызыгуышылық танытар жастар көбейсе, «тыңдаушы ықыласты болса, сойлеуші де шешен» болады дегіміз келеді. Абайды тану арқылы біз өзімізді, ортамызды, өмірімізді танимыз. Осындағы рухани кештерде, тәлім-тәрбиесі мол кездесулерде әрбір кафедра оқытушылары назарға алып, студенттердің саны артып жатса деген тілгеміз бар.

Ләzzат АЛПЫСБАЕВА,
«Театртану» мамандығының 3 курс студенті

Ұстаздық еткен жаңынан

Ұстаз – қасиетті де киелі үфым. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» дейді дана халқымыз. «Ұстаздан шәкірт озар» деген тағы әдемі бір канатты сөз бар. Қазан айының 5 күні Қазақ ұлттық өнер университетінің Жамбыл Жабаев атындағы концерттік залында ұстаздар күнінде «Қазақ ұлттық өнер университетінің үздік оқытушысы» байқауының женімпаздарын марапаттау рәсімі өткізілді. Ұстаздық етуден жалықпай келе жаткан ұлағатты кәсіп иелерінің озаттарының енбегі бүл байқау арқылы елеңіп жатыр.

Бұл сайыска қатысқан барлық ұстаздар, бас жүлдеге лайық екені айтпаса да белгілі. Эриң, жүзден жүйрік, мындан тұлпарлар ғана топ жарапы тағы рас. Бұл жолғы университетіміздің ұлағатты ұстаздарының арасынан кімдердің жүлде алып, женімпаз атанатыны мені қызықтырып отырды. Атап айттар болсам, «Үздік мектеп оқытушысы» номинациясы Т.Я.Карпқа бұйырды. «Үздік колледж оқытушысы» атағын Г.Т.Шанбатырова иеленсе, «Үздік портфолио» Г.А.Нургалиеваға, «Үздік университет оқытушысы» А.Қ.Омар атанды. Олардың әрқайсысына 25000 мың тенге көлемінде ақшалай сыйлық берілді. Ал көрермендер асыға күткен бас жүлде «ҚазҰӨУ үздік оқытушысы» номинациясы мен 50000 мың тенге көлеміндегі ақшалай сыйлықты З.И.Сеитова қанжығасына байлады. Марапаттау рәсімінің соны ұстаздар күніне арналған мерекелік концертке ұласты. Ұстаздарға деген үлкен құрметпен университетіміздің өрендері өз өнерлерін көрсетті. Айталақ, «Славян базары» байқауының 2015 жылғы женімпазы Д.Құдайбергенов, Венгрияда өткен «Ева Мартон» атындағы Халықаралық опера орындаушылар байқауының жүлдегері А.Малик, сондай-ақ, «Болашақ» виолончелистер ансамблі, «домбырашылар ансамблі» кештің көркі болды. Сонымен қатар, Г.К.Куттыбадамова жетекшілік ететін аралас хор «Ұстазым» әнімен көрерменді бір серпілтіп тастады. Айман Қожабекқызы басқаратын өнер ордасындағы бүл кештін биік денгейде өтуінә атсалысқан тәрбие ісі жөніндегі проректордың орынбасары Аида Айдарханқызының енбегі орасан зор десем, артық айтпағаным.

Жалпы, 1 курс студенті ретінде бүл менін университеттегі қатысқан ең алғашқы кешім. Мен өзімнін алтын ұямдағы достарымды болашак өнер өкілі ретінде осындай өтіп жатқан іс-шараларға белсендө араласып, оның жоғары денгейде өткізілуінә атсалысуға шақырамын.



Бахтияр ТҰРСЫНОВ,
«Театртану» мамандығының 1 курс студенті

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘРІПТЕСТЕРІММЕН ЖҰМЫС ЖАСАУҒА НИЕТТІМІН

Жыл сайын өткізілетін XII «Еуразия» Халықаралық кинофестивалі қыркүйек айының 24 мен 30 күндері арасында өтті. Соңғы күні Валерий Тодоровский (Ресей), Реза Миркарими (Иран), Нин Ин (Қытай), Ақтан Арым Құбат (Қыргызстан), Досхан Жолжақсынов (Қазақстан) и Гrimur Хаконарсон (Исландия) сынды киногерлерден құралған қазылар алқасы да өздеріне артқан сенімді актап, жүзден жүйрік, мындан тұлпар шыққандарға лайықты жүлделерін табыстады.

Осы орайда байқауға өз бағын сынауға келген қонақтардың ішінен әзіrbайжандық кинорежиссер Мирбала Салимлимен сұхбаттасудың реті келді.

- Қазақстанға қош келдіңіз! Фестивальден алған әсерінізбен бөліссеніз...

- Рахмет. Қош көрдік. Ұйымдастырылуы жағынан мін жок. Әр алуан қызықты кездесулерге, шеберхана сағаттарына өте мүқият дайындалған. Көрсетіліп жатқан фильмдердің әркайсысы өзінше өте қызықты. Багдарламаның директоры Елена Ларионованың жұмысын ерекше айта кету қажет. Еуропа мен Азияның тандаулы туындыларын жиып, фестивальде көрсету үшін аянбай тер төккөні білінеді. Осы топтың алдына қойған мақсаты орындалғаны айқын.

- Осы келген сапарыңызда қазақстандық киногерлермен немесе театр адамдарымен шығармашылық бірлестікте жұмыс жасау ойыңызда бар ма?

- Театрды айтсақ, жақындағанда ғана әріптерімнен Қызылорда қаласындағы Нартай Бекежанов атындағы облыстық драма театрында спектакль қоюға ұсыныс түсті. Ол шаруаның мән-жайы әлі нақтылану үстінде. Ал киноға келсек, әлбетте, ортақ туынды жасауға қуана-куана келісер едім. Қазақстандық әріптермен жұмыс жасауға ниеттімін... Әзірге ұсыныс түсін жатқан жок.

- Осы фестивальге қандай талап-тілектеріңіз бар?

- Ең алдымен, фестивальге ұзак ғұмыр тілеймін. Еуропа мен Азияның басын қосуды көздеңен бүл кино мерекесі өз жалғасын тауып, дами бергенін қалаймын. Осындай шараларды үйымдастыруға құлышының білдіргені Қазақстан елі тарапынан игі өрекет деп есептеймін. Келешекте фильміммен тағы да додаға қатысуға дайынмын. Ал, қазақстандықтарға жылды шыраймен қарсы алғандары үшін алғысым шексіз!

- Сұхбаттасқанының үшін рахмет!





Сонымен, қазылар алқасы женімпаздарын атап өтсек: Қазылар алқасының арнайы сыйлығына «На районе» фильмі үшін режиссері Луисито Лагдамео, Игнасио (Филиппины) ие болды. Қазақстандық Әділхан Ержанов «Чума в ауле Каратас» фильмі үшін XII халықаралық «Еуразия» кинофестивалінің «Үздік режиссері» деп танылды. Игорь Пискуновтың (Қазақстан) «Раз в неделю» фильміндегі рөлі үшін Юрий Померанцев «Үздік актер» номинациясына ие болды. «Мокко» фильміндегі рөлі үшін Эммануэль Дево (Франция-Швейцария) «Үздік актриса» номинациясын жеңіп алды. XII халықаралық «Еуразия» кинофестивалінің бас жүлдесінде Грузия режиссері Русудан Глуржидзе «Чужой дом» фильмі лайық деп танылды.

«Еуразия» кинофестивалінің негізгі конкурсымен қатар, қысқаметражды фильмдердің конкурсы да ұйымдастырылды. Ол жерде қазақстандық режиссер Дархан Төлегенов «Таңғы шұғыланың сәулесі» фильмі үшін жеңімпаз атанды.

Кино басылымдардың халықаралық федерациясы «ФИПРЕССИ» әлем түкпірінен келген кинотанушылар мен режиссерлердің басын қости. «FIPRESCI» жүлдесін Эмир Байғазиннің «Жаралы перште» фильмі алды.

XII Халықаралық «Еуразия» кинофестивалінде «NETPAC» сыйлығын Русудан Глурджидзенің «Чужой дом» фильмі иеленді. «Тарихи сұхбат» номинациясы жүлдесін қазақстандық режиссер Ақбота Батырханның «С Назарбаевым о главном» фильмі жеңіп алды. Режиссер Виталий Манскийдің «В лучах солнца» фильмі «Үздік деректі фильм» номинациясы жүлдесінде лайық деп танылып, фестиваль оз мәресінде жетті. Аталмыш кинофестиваль әрқашан әділ өтіш, жыл сайын жалғасын таба берсін деп тілек айтамыз.



Айбар ҚОНАҚБАЕВ,
«Кинотану» мамандығының Зкурс студенті

Авангардная музыка в столице

21 октября в камерном зале театра Астана Опера состоялся концерт «Творчество молодых». Стоит отметить, что театр предоставляет возможность выступать молодым дарованиям и всячески старается поддерживать их начинания. У нас появилась прекрасная возможность прикоснуться к их творчеству!

Все герои этого вечера, несмотря на свой молодой возраст, успели достичь определенных высот и успехов. Рахат-Би Абдысагин 17-ти летний композитор и пианист, автор более 100 музыкальных произведений. В 2016 году он уже получил диплом бакалавра с отличием (КНК им. Курмангазы), в настоящее время является магистрантом (КазНУИ).

Музыка молодого талантливого композитора уже широко исполняется во многих странах Европы и Азии. Например, за произведение «Казахская рапсодия» для фортепиано и симфонического оркестра автор был удостоен Гран-При Республиканского конкурса «Тәүелсіздік толғауы» и признан лучшим композитором года (2014). Все оркестровые сочинения Р. Абдысагина в основном исполнялись с Евразийским симфоническим оркестром КазНУИ. Отмету также, что Р. Абдысагин является единственным представителем из Казахстана на Международном форуме «Импульс», где собираются все таланты мира.

Концерт открылся произведением «Плач перелетной птицы» по мотивам одноименного рассказа Чингиза Айтматова. Это произведение сочинено юным композитором в 13-тилетнем возрасте. Музыка воспроизводит весь ужас кровопролития и страдания плачущих птиц. В конце произведения автор как бы говорит в унисон с писателем: «Простите, птицы перелетные, мне не объяснить, почему так устроена жизнь людская...».



Это произведение лично мне напомнило музыку турецкого композитора и пианиста Тулуйхана Угурлу, не так давно выступившего в КазНУИ. Он также затронул тему смерти – гибели людей во время войн и стихийных бедствий. Произведение было настолько пронзительно, что местами бросало в дрожь.

Следующее произведение для флейты соло – «Ощущение осени» по мнению автора, «передает все многообразие мира в диалектической целостности – это борьба и единство в одном лице». Ее премьера состоялась в Австрии. Пьесу исполнил лауреат международных конкурсов, артист симфонического оркестра и театра Александр Тараскин.

Произведение композитора «Игры непараллельных линий» для кларнета и фортепиано – это своеобразная драма, где есть персонажи, драматургия и своя логика развития. Но эта драма происходит в ином, невидимом для нас измерении, где также параллели вдруг пересекаются. Исполнили пьесу – артист симфонического оркестра Астана Опера Алмас Токпанов и лауреат международных конкурсов Данияр Есимханов. Музыка его очень авангардная и непредсказуемая.

На вечере также выступили будущие солисты оперных театров Казахстана, лауреаты международных конкурсов – студенты Казахского национального университета искусств Назым Сагинтай, Азат Малик и Калкаман Дүйсенбаев. Тепло встречала публика пианиста из Украины Дмитрия Таванца, в исполнении которого прозвучало произведение Абдысагина «Фантазия в виде сонаты» для фортепиано. Это произведение – ода величию бесконечности человеческой мысли, моци силы воображения. Ведь человек – не песчинка в океане, а океан в песчинке...

Тіл бірлігі - Ел бірлігі!

Тіл – қай үлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол өрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – өрбір елдің үлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындағы қорғауға, оның орынсыз шұбарланып кетпеуіне жол бермеуі тиіс. Қазақстанда көп үлттың баласы бір анадан туғандай тату-төтті өмір сүріп жатыр. Қазақстанда үлттар арасында татулық пен бірлік, ынтымақтастық пен достық орнағаны, бәріміз үшін мақтаныш. Бұл біздің Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясатының, дана ойларының жемісі. Елімізді жарқын болашаққа жетелейтін, халық мұддесін ғана ойлайтын Елбасының арқасында қазақ елі, мәнгілік ел болып қала бермек. Өрбір мемлекет секілді, біз де қуана-қуана тіл мерекесін тойлаймыз. 22 қыркүйек – тіл мерекесі күнінө орай, Қазақ үлттық өнер университетіндеге «Қазақстан тарихы және гуманитарлық пәндер» кафедрасының үздік жетекшілері кеш үйымдастырыды. Бұл кештің мақсаты: студенттердің өз ана тілінеге деген құрмет, сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сәйлеуге үйрету, өз үлттына, елінеге деген сүйіспеншілігін ояту. Ана тілдің тұғыры мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсietін ұран ету, қазақ тілінің мәртебесін көтеру. Көрнекіліктер, қабырға газеттері, қанатты сөздер, өсем өндер, әр түрлі тілдегі өлеңдер, бұның бәрі әр азаматқа бір түйін қалдырыды деп ойлаймын. Бұл кеште біз әлем даналарын тамсандырган халқымыздың тұған Асан Қайғы сияқты бабаларымыздың өсietін тыңдал, тамаша дауыс иелері Ахмет Сұлтан, Зинатуллина Гузель, Оралбек Альбинаның әндерін, III курс әртістері үйымдастырган өсем көріністен дөм таттық. Қысқаша айтқанда, бұл кеш мені таң қалдырыды. Ал, бұл кешті үйымдастырган ағылшын тілінің муғалімдірі Беткенова Меруерт Сламбеккызы және Канапьянова Айсұлу Дәуренқызы, апайларымызға алғысым шексіз!



«Алтын сақа»

Қазақ мультипликациясының тарихына көз жүгіртсек, біршама дүниелерді қуанышпен, әрі мақтанышпен еске аламыз. 1967 жылы қазақ ертегісінің негізінде түсірілген Әмен Хайдаровтың «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» атты үлттық мультипликациясының төл туындысы 1968 жылы Бүкілодактық фестивальде екінші орынды иеленсе, 1975 жылы Нью-Йорктегі өткен мультиплікациалық фильмдердің I Халықаралық фестивалінде «Қола Праксиоскоп» жүлдесін қанжығасына байлады. Әлем елдерінің экрандарында көрсетілгендігі әлі күнге дейін көкейімізде мақтаныш сезімін тудырады. Сонымен қатар, кинотанушы Бауыржан Нәгербек 1982 жылы «Искусство Казахстана» журналында жарық көрген мақаласында: «Казахская мультипликация сегодня на правильном пути. Она верна себе в главном – в бережном отношении к национальному искусству, в стремлении создавать совершенные по форме и глубоко народные по духу произведения. Все это дает нам право надеяться, что казахская мультипликация за короткий срок талантливо заявившая о себе, сумеет обрасти собственный голос, индивидуальные интонации и в фильмах на современную тему», – деп 1980 жылдың өзінде қазақ мультипликациясының болашағына зор үміт артқаны сезіледі. Алайда, бүгінде осы үміт қаншалықты ақталды? Әмен Хайдаров, Жәкен Дәненов, Болат Омаров сынды ағаларымыздың жолын жалғастырап режиссерлер бар ма? Каракөз бүлдіршіндер шетелдің емес, өз елінің мультиплікациялық туындыларын қызығып көрер шақ туады ма? Бүгінде осы мәселелер қолға алынуда ма? деген сұрақтар мазалайды. Осы орайда, Оңтүстік Қазақстан облысында тұнғыш рет «Алтын сақа» балаларға арналған қысқаметражды фильмдер фестивалі үйімдастырылды. Фестиваль қыркүйек айының 23-ші жүлдізында Шымкент қаласының Абай атындағы облыстық опера және балет театрында өтті. Фестивальдің мақсаты: «Киноиндустрия саласын дамыту, жас буын режиссерлere шығармашылық серпін беру, олардың кәсіби деңгейін көтеру, әлеуметтік мәселелерді көтере

отырып, көрермендерге ой тастау, балаларға арналған қысқаметражды фильмдер мен анимациялық туындыларды, бейнероликтерді жарыққа шығару», – дейді іс-шараның үйімдастырушылары.

Фестивальді үйімдастырушы – Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасы және «Оңтүстікфильм» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

«Балапан» телевірнасының директоры Ләйлә Сұлтанқызы, Қазақ үлттық өнер академиясының доценті, кинотанушы, киносыншы, өнертану ғылыминың кандидаты Гүлнэр Мұрсөлімова, облыстық әзіл-сықақ және сатира театрының әртісі Жүсіп Ақшора, «Қазақстан» АҚ ОҚО филиалының директоры Уәли Қыдыр, «САҚ» киностудиясының директоры Нұрилдин Паттев,



клипмейкер, кинорежиссер-оператор Фурхад Саиповтар «Алтын сақаның» әділ қазылар алқасының мүшелері болды. Сонымен, әділ қазылардың әділ шешімі бойынша, бас жүлдені «Куат» қысқаметражды фильмімен Нұрбол Абсеметов қанжығасына байлады. I орын «Айсұлу» қысқаметражды фильміне (режиссері Дархан Нұртазаев) және «Тұлкі мен қыргауыл» анимациялық фильміне (режиссері Дариха Еркінбек, Жұлдыз Өмірқұлова) берілді. II орынға «Қаһарман» қысқаметражды фильмі (режиссері Хамид Мұтәлиев) және «Асар» анимациялық фильмі (режиссері Береке Жұнісов) лайық деп танылды. III орын «Мен қорқамын» қысқаметражды фильмі (режиссері Бақытжан Көшеров) және «Наурыз» анимациялық фильміне (режиссері Ондасын Бурибеков) берілді.

Сонымен қатар, «Өзекті тақырыпты қозғағаны үшін» номинациясымен «Табиғатты аялайық» анимациялық фильмі (режиссері Самат Нұралиев), «Ерекше монтаж жұмысы үшін» номинациясымен «Жылдамдық» әлеуметтік ролигі (режиссері Серік Таласов) және «Ерекше операторлық жұмысы үшіп» номинациясымен «Жемқорлық» әлеуметтік ролигінің (режиссері Серік Таласов) авторлары марапатталды.

«Балапан» телеарнасының директоры Ләйлә Сұлтанқызы өз сөзінде: «Сонғы жылдары елімізде, оның ішінде Шымкентте балалар фильмдері мен мультфильмдер көбірек түсіріліп, сапалы болып келे жатыр. «Алтын сақа» атты осындай байқаудың үйымдастырылып, қолға алынғанына қуаныштымын. Фестиваль – жас таланттарды елге танытады. Келесі жылы біздің телеарнамен бірлесіп, республикалық дәрежеде өткізуі жоспарлап отырмыз» – деді.

«Оңтүстікфильм» киностудиясының директоры, режиссер, сценарист, аниматор Батырхан Дәуренбеков фестивальге фильмдердің сапасына емес, мағынасына көбірек назар аударылғанын айтты. Сонымен қатар, елімізде балалар киностудиясының жоқтығын күйінішпен атап өтті. «Елімізде бірде-бір балалар киностудиясы жоқ. «Қазахфильм» акционерлік қоғам болып есептелеңдіктен, көбіне тұлғалар жайындағы фильмдерге мән беруде. Сол орайда, балалар фильмі мүлдем үміт қалып отыр», – деп өз мұңын білдірді.

Өткен іс-шараға байланысты үйымдастыру жағынан кеткен ағаттықтар, фильмдердің сапасы секілді дүниелерге сын айту дәл қазіргі жағдайда орынды емес деп есептеймін. Керісінше, осындай балалар фильмдеріне қызығушылық танытқан режиссерлердің бар екендігі аса қуантады. Эсіресе, ұсынылған анимациялық фильмдердің арасында Б.Жұнісовтың «Асар», О.Бурибеков «Наурыз», Е.Дариха мен Ж.Өмірқұлованың «Тұлкі мен қыргауыл» сынды туындыларының ұлттық нақышта болуы есте қаларлығы сөзсіз. Осы режиссерлерден болашақта зор үміт күтеміз. Батырхан Дәуренбеков: «Мультфильм, кино арқылы балаларымызға дұрыс тәрбие беріп, патриот етіп шығарсақ, біз үшін де, еліміз үшін улкен жетістік», – деп айтқаныңдай анимация мен балалар фильмдерінің дамуына үлес қосып, ат салысып жүрген азаматтар мен азаматшаларды қолдан, мемлекет тарапынан көңіл бөлінсе, нұр үстінеге нұр болар еді.



Жәдігер жаңырымы



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында Астанадағы Ұлттық мұражайда М.Әuezов атындағы Қазақ Мемлекеттік драма театр мұражайының «Тарих толқынындағы театр шежіресі» атты көрмесі қыркүйек айының 20 мен қазан айының 6 аралығында өтті.

Театр мұражайы ол – қазақтың театр және кино өнөрінде терең із қалдырған, атақты тұлғалардың өмірінің аяулы сөттеріндегі жарқын бейнесі. Мұражай жәдігерлері арасында әйгілі театр және кино актерлерінің сирек кездесетін фотосуреттері, әр жылдардағы сахналық киімдері, афишалар, спектакльдердің макеттері мен эскиздері, театр өнөрі майталмандарының портреттері және тағы басқа құнды заттар сақталған. Театрдың 90 жылдық ғұмырынан сыр шертетін осынау жәдігерлер бүтінгі Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы арналған көрмеге қойылды.

Көрменің салтанатты ашылуына Ұлттық музейдің директоры – Дархан Мынбай КСРО Халық артисі, М.Әuezов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының көркемдік жетекшісі – Асанәлі Әшімов, Қазақстанның халық артисі, профессор, кенесші – Есмұхан Обаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, театр директоры – Ерлан Біләл, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының Журналистика Академиясының академигі – Элия Бөпежанова, Қазақ ұлттық өнер университетіндегі «Театр, Кино және ТД» факультетінің деканы – Сәулебек Асылханұлы және т.б. өнер майталмандары өз лебіздерін білдірді.

1968 жылы 24 мамырда ашылған музей қорында бүгінде 100000-нан астам жәдігер сақталған. Мұражайдың құнды жәдігерлері 90 жылдық тарихы бар театрдың әр кезеңінен сыр шертеді. Көрмеде – қазақ театр және кино өнөрінің ұлы қайраткерлерінің, сахнагерлер мен театр қызыметкерлерінің өнер шаңырағындағы әр жылдардағы өмірі мен өнерін таныстырады.

М.Әuezов атындағы Қазақ Мемлекеттік драма театр мұражайының «Тарих толқынындағы театр шежіресі» атты көрменің басты мақсаты – жас үрпақтың дүние танымын байытуға, рухани көкжиегін кеңейтуге және әз тарихымызды білуге, оны бағалуға арналған болатын.

Айгерім ДҮНГЕНЕНОВА,
«Театртану» мамандығының 2 курс студенті

Сәүле ЖАНДУЛЛАЕВА,
«Станокты кескіндеме» мамандығының 3 курс студенті

ART GALLERY







Астана 2016 жыл